

Бастауыш, негізгі орта және  
 жалпы орта білімнің жалпы  
 білім беретін оку  
 бағдарламаларын іске асыратын  
 білім беру үйымдарына оқуга  
 қабылдаудың үлгілік  
 қағидаларына 2-қосымша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

**Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - КР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - КР Оқу-агарту министрінің 04.04.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) "электрондық ұқиметтің" веб-порталы <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін үйымға ұсыну үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұған күні, сыныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген келу туралы есептен шығару талонын береді немесе дәлелді бас тартады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру үйымына келу туралы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұған күні, оку сыныбы, білім беру үйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген есептен шығару талонын ұсынады.</p> <p>Оқуға келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру үйымына келгені</p>

		<p>туралы есептен шығару талонының түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы кететін орта білім беру ұйымынан құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынылады.</p> <p>Келу туралы сырттай қуәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келу туралы сырттай қуәліктің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру ұйымына беріледі.</p> <p>Білім беру ұйымдары білім алушыны орта білім беру ұйымына/ұйымынан қабылдау/ шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстыру жүргізеді.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс уақыты	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында орналастырылған</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	- портал арқылы:

1) ата-аналардың немесе басқа зандағы

		<p>өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде)</li> </ul> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>2) құжаттарды қабылдау туралы есептен шыгару талонында баланың толық аты-жөні, сыйныбы, оқыту тілі, мектебі, білім беру үйімінде телефондары мен электронды мекенжайы (ресми интернет-ресурсы) (Қазақстан Республикасынан кетуін растайтын құжат ұсынатын, Қазақстан Республикасынан кетіп жатқан білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі.</p>
9	Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) сыйнып-жинақталымының шамадан тыс толуы</p> <p>2) Өтініш беру мерзімі осы ережелерде белгіленген мерзімге сәйкес келмейді</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудін рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут.</p> <p>2) қызмет көрсетудің ең ұзақ мерзімі 30 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйімінде құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне</p> <p>2-қосымша</p>

Нысан

білім беру үйымының атауы

директордың ТАӘ  
(болған жағдайда) кімнен

ата-ананың (занды өкілдің)  
ТАӘ (болған жағдайда)

Телефоны:

**Отініш**

Менің \_\_\_\_\_  
(білім беру үйымының толық атауы)  
\_\_\_\_\_ сыныпта білім алатын балам

(Т. А. Ә. (болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
(елді мекеннің, ауданының, қаланың және облыстың атауы)

тіркелген мекенжайы бойынша

(білім беру үйымының толық атауы) ауыстыруды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

\_\_\_\_\_ "\_\_\_" 20 \_\_\_ жыл  
(қолы)